

Геологиялық зерделеу мен игеруге әзірленген Блоктар мен көмірсутектері кен орындарының картасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 16 қарашадағы N 1552

"Мұнай туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2350 U952350_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Блоктарының мөлшері координаттың географиялық торшасымен он минут болатын Блоктары мен көмірсутектері кен орындарын геологиялық зерделеу мен игеруге әзірленген карта /бұдан былай - Блоктар картасы/ бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі аталған Блоктар картасына сәйкес көмірсутегі шикізаты жөнінде геологиялық зерделеуге және жер қойнауын игеруге тапсырыстар қабылдасын.

3. Блоктар картасы барлық жер қойнауын пайдаланушылар мен жер қойнауын пайдалануға әуелетті үміткерлерге таныстыру үшін қолайлы болып табылатындығы белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі